ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 10 шілде №7119-24-00-2/8005 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, (бұдан әрі – ШЖҚ МКК)

ЖАУАПКЕР:

"Мукушева К.М.» жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі" ШЖҚ МКК жауапкер "Мукушева К.М.» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Мукушева К.М.» ЖК ЖСН 661004450310 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Мукушева К.М.» ЖК ЖСН 661004450310 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нурланов Б. К., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство